



Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г. Алматывқа

**Сарыағаш ауданы «Әсет-Әли» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіндегі мемлекеттік аттестаттау барысында
анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТІ**

**«Әсет-Әли» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің Мемлекеттік аттестаттау қорытындысына сәйкес
анықталған кемшіліктері:**

1.2023-2024 оқу жылында кіші «Балбөбек» тобының апталық циклограммасы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен сәйкес келмейді. Атап айтқанда, кіші «Балбөбек» тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесінде Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті бейсенбі күндеріне жоспарланған, ал апталық циклограммада сейсенбікүнгі музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті жоспарланып өтілген. Дене шынықтыру дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күніне жоспарланған ал апталық циклограмма бойынша сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндерге қойылған.

Дәл осындай кемшіліктер 2024-2025 оқу жылындада кездеседі. Атап айтқанда ортаңғы топ «Балшекер», «Бүлдіршін», ересек топ «Бәйтерек».

Ересек топтар «Балдәурен», «Балбұлақ» топтарында МАД тобының циклограммасы бойынша жүргізілген.

Кемшіліктер түзетілді:

**2023-2024 оқу жылындағы 11 топтың апталық циклограммасы
ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен
сәйкестендіріліп, тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сай
жасалды. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен
толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> орналастырылды.**

2. Балабақшаның 8 педагогі (А. Кулжанова, Г. Тлеуова, З. Маметова, Н. Сапарова, А. Абубакирова, Ш. Абдиева, К. Тагаева, Б. Туркыбекова) біліктілік санатын көтеруге өтініш білдірмеген. «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 15-бабының 3) тармақшасы талабына орындалмаған. Бұл, үлгілік қағидалардың 18-тармақ талабына сәйкес келмейтіндігін көрсетеді.

2. Бөбекжай - бақшаның педагогтері 5 жылдан асқан педагогикалық еңбек өтілі бар біліктілік санатын көтермеген-1 (Л. Абдумуталипова).

Кемшіліктер түзетілді:

Аталған педагогтар біліктілік санатын «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 15-бабының 3) тармақшасы талабына сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> орналастырылды.

3. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асыру бұйрықтары балабақша сайтына жүктелмеген.

Кемшіліктер түзетілді:

Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асыру бойынша топтастырылып, топтастыру бұйрығы балабақша сайтының кемшіліктері мен толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> орналастырылды.

4. 2022-2023 оқу жылында «Бал-бала» кіші тобы, «Балдырған» кіші тобы, «Ботақан» кіші тобы, «Балшекер» ортаңғы тобы, «Бүлдіршін» ортаңғы тобы, «Балапан» ортаңғы тобы бойынша перспективалық жоспары, циклограммасы ұсынылмаған. 2022-2023 оқу жылының «Балбөбек» кіші тобы, «Бәйтерек», «Балауса» ересек топтары және «Балбұлақ» мектепалды даярлық тобы бойынша перспективалық жоспары, циклограммасы ұсынылған. Алайда, балабақша тарапынан ұсынылған құжаттарға сәйкес 2022-2023 оқу жылында «Балбұлақ» тобы ересек деп көрсетілген.

Кемшіліктер түзетілді:

Ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі мен апталық циклограммадағы ұйымдастырылған іс-әрекеті сәйкестендірілді «Бал-бала» кіші жас тобы, «Балдырған» кіші тобы, «Ботақан» кіші тобы, «Балшекер» ортаңғы тобы, «Бүлдіршін» ортаңғы тобы, «Балапан» ортаңғы тобы бойынша перспективалық жоспары, циклограммасын балабақша сайтының кемшіліктері мен толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> жүктелді.

5. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының мониторингі жүктелмеген. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары 2022-2023, 2023-2024-2024-2025 оқу жылында ұсынылмаған.

Кемшіліктер түзетілді:

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының мониторингін және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары 2022-2023, 2023-2024-2024-2025 оқу жылдарына ұсынылып, құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> жүктелді.

6. Балабақшаның бағаланатын кезеңге ұлттық білім беру деректер қорына ұсынылған тізім бойынша балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезеңінде топтастыру қарастырылған. Алайда балабақша тарапынан бағаланатын оқу жылдарына әр топ бойынша тәрбиеленушілердің

тізімі әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген 3-қосымшаға сәйкес ұсынылмады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін анықтау мүмкін болмады

Кемшіліктер түзетілді:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 25 тармақшасына сәйкес жас ерекшеліктеріне қарай топтастыру қарастырылып, талдау есебі жүргізіліп, растайтын құжаттар балабақша сайтының кемшіліктері мен толықтырулар бөліміне <https://aset-ali.baqsha.edu.kz/> жүктелді.

Балабақша меңгерушісі:



Г.Т.Турымова